

ЖЕЛМ - САҒЫЗ

№5 (7865) 5 ақпан, Бейсенбі 2026 жыл

<https://zhemsagyz.kz/>

zhemsagyzgazeti@mail.ru

ҚР ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

КОНСТИТУЦИАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА АТА ЗАҢЫНЫҢ ЖОБАСЫН ҰСЫНДЫ. БҰЛ ҚҰЖАТ АЗАМАТТАРДАН, САЯСИ ПАРТИЯЛАРДАН, ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН САРАПШЫЛАРДАН ТҮСКЕН ҰСЫНЫСТАРДЫ МҰҚИЯТ ТАЛДАУДЫҢ, АШЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУЛАРДЫҢ, СОНДАЙ-АҚ ЖАҢА НОРМАЛАР МЕН ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЖАН-ЖАҚТЫ ӨРІТІЯНАҚТЫ ПЫСЫҚТАУДЫҢ НӘТИЖЕСİNДЕ ПАЙДА БОЛДЫ.

2026 жылғы 21 қаңтарда Конституциялық комиссия құрылды. Оның құрамына Ұлттық құрылтай мүшелері, белгілі құқықтанушылар, орталық мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлері, БАҚ басшылары, мәслихат төрағалары, аймақтық қоғамдық кеңестердің өкілдері, сондай-ақ сарапшылық және ғылыми қауымдастық өкілдерін қоса алғанда 130 адам кірді. Осылайша, Комиссия құрамында Қазақстанның барлық әлеуметтік топтары мен аймақтары толық қамтылды.

Комиссияға Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Азимова басшылық етеді. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин және Премьер-Министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева оның орынбасарлары болып белгіленді.

«Комиссияның құрылуын секторлық өзгерістерден кешенді конституциялық трансформацияға өтудің көрінісі ретінде қарастыруға болады. Оның алдында ерекше миссия тұр. Ол – Ата Заңда бір жағынан конституциялық құрылыстың негізгі принциптерін сақтау, екінші жағынан қазіргі заманғы сын-қатерлерге лайықты көзқарасты білдіру мүмкіндігін қамтамасыз ету», – деп атап өтті алғашқы отырыста Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Азимова.

Комиссияның барлық отырыстары толықтай ашық түрде өткізіліп, тікелей эфирде көрсетіл-



ді. Оның жұмысы БАҚ-та кеңінен және егжей-тегжейлі баяндалды. Өз пікірлерін, ескертпелерін және ұсыныстарын белгілі заңгерлер, құқық қорғаушылар, қоғамдық белсенділер, депутаттар, саяси зерттеушілер және басқа да сарапшылар білдірді.

Жұмыс барысында Комиссия мүшелері республиканың Ата Заңының барлық негізгі түзетулерін жан-жақты қарап шықты. Бұл түзетулер Конституцияның барлық бөлімдеріне және 77 бабына қатысты, яғни жалпы мөтінің 84%-ын қамтыды. Осылайша, Комиссия мүшелері Қазақстанның жаңа Конституциясын әзірлеу мәселесін алға тартты.

Қазақстан Республикасы Ата Заңының тұжырымдамалық өзгерістері мемлекеттің өзге бағдарланғанын арттыруға, Қазақстан халқына тән өзекті құндылықтар мен қағидаттарды көрсетуге, сондай-ақ республикадағы саяси институттар құрылымының тиімділігін артты-

руға бағытталған. Жаңа Прембулада адам құқықтары мен бостандықтары алғаш рет мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жария етілді. Бірлік пен ынтымақтастық, ұлттаралық және дінаралық келісім Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде белгіленді.

Егемендік пен Тәуелсіздік, біртұтастық, аумақтық тұтастық өзгермейтін құндылықтар санатына жатқызылды. Әділеттілік, Заң мен Тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау сияқты қағидаттар алғаш рет Конституция деңгейінде бекітілген. Сонымен қатар, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі Қазақстан халқы болып табылатыны бекітілген.

Ата Заңымыздың жаңа мөтінің басты идеясын тығыз білім мен ғылым, мәдениет пен инновация анықталды. Бұл мемлекеттің болашағы минералды ресурстар мен табиғи байлықтармен емес, адами капиталмен және азаматтардың

жетістіктерімен анықталатынын көрсететін түбегейлі маңызды бетбұрыс.

Тағы бір маңызды мағыналық бағыт – цифрландыру. Осыған байланысты Конституцияның жаңа мөтінінде алғаш рет азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғау туралы норма бекітілді.

Конституцияның жаңа мөтінің басты ерекшелігі – адам құқықтарына бағдарлануы. Осылайша, адам құқықтары мен бостандықтары жаңа Прембулада ғана бекітіліп қоймай, бүкіл Конституцияның ерекше басымдығы әрі мағыналық өзегі ретінде айқындалған.

Дін мен мемлекеттің ара-жігі нақты ажыратылып бекітіледі. Білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты айқындалады.

Неке ер адам мен әйел адамның ерікті және тең құқықты одағы екендігі туралы ереже енгізіледі. Бұл шешім дәстүрлі құндылықтарды ең жоғары құқықтық деңгейде қорғауға және әйел-

дердің құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған.

Конституция жобасының негізгі новеллаларының ішінде мыналарды атап өтуге болады:

145 депутаттан тұратын және жаңа, кеңейтілген өкілеттіктерге ие бір палаталы жаңа Парламент – Құрылтай құрылады. Оны құру кезінде пропорционалды сайлау жүйесі қолданылады, ал депутаттардың өкілеттік мерзімі 5 жылды құрайды.

Пропорционалды жүйе партиялардың кадрлық саясатын дамытуға, олардың институционалды рөлін арттыруға және саяси күштердің қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтуге ықпал етеді.

Жаңа жалпыұлттық диалог платформасы – Қазақстанның Халық Кеңесі құрылады, ол Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың стратегиялық функцияларын жалғастырады. Бұл Қазақстан халқының мүдделерін білдіретін, заң шығару бастама-

АТА ЗАҢ

сы құқығына ие жоғарғы конститутивтік орган болады.

Вице-президент институтын құру. Ол ҚР Президентінің атынан Қазақстан мен шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады.

Адвокаттық қызметке және адвокатураға арналған арнайы бап алғаш рет Конституцияда бекітіледі.

Зияткерлік меншік құқығын қорғау қамтамасыз етіледі.

Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлатын заңдарға, сол құқық бұзушылық үшін қайтадан жауапқа тартуға жол бермеуге тыйым салуды және кінәсіздік презумпциясы қағидаттарына, қоса алғанда, азаматтардың құқықтарына кепілдік күшейтіледі.

«Миранда ережесі» бекітіледі. Сонымен қатар Қазақстанның жаңа Конституциясының жобасында ескірген терминологиялық аппарат мәселесі кешенді түрде шешіледі.

Еліміздің жаңа Ата Заңының мөтіні қалыптасқан мемлекеттік құрылымды, халықаралық беделді, адами капиталды, білім, ғылым және инновацияларды дамытудағы Қазақстанның айқын басымдығын атап көрсетеді, ол сенімді түрде болашаққа көз тастайды.

Сонымен қатар, мемлекеттік құрылымның қалыптасуына және Қазақстанның тарихи дамуында маңызды рөл атқарған қазіргі Конституцияға құрмет көрсетіледі.

Жалпы, Конституцияның жаңа редакциясының алғашқы жобасында Прембула, 11 бөлім және 95 бап бекітілуі ұсынылады.

Ұсыныстар қабылдау е-Оtinish және eGov порталдары арқылы жалғасып жатыр. Жаңа Конституция бойынша нақты шешімді еліміздің азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайды.

Конституциялық комиссияның жұмысы жалғасуда.

Дереккөз: eGov порталы.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІ - ДЕМOKPATИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ КҮНІ

Дүниежүзілік сайлау күні жыл сайын ақпан айының бірінші бейсенбісінде атап өтіледі. Бұл атаулы күн 2005 жылғы 14 - 17 қыркүйек аралығында Венгрияның Будапешт қаласында өткен сайлауды ұйымдастырушылардың жалпы конференциясы аясында бекітілген болатын.

Дүниежүзілік сайлау күнін белгілеудегі басты мақсат - азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз етуге, сайлау процесстерін жетілдіруге және қоғам назарын демократиялық институттардың маңыздылығына аудару. Бұл күн демократияландыру үдерісінің қайтымсыздығын нығайтуға, сайлау саласындағы жетістіктерді жұртшылыққа кеңінен таныстыруға, әсіресе жас сайлаушылардың демократиялық құндылықтарға бейілділігін қалыптастыруға және сайлаушылардың қатысуы белсенділігін арттыруға бағытталған.

Сайлау - халықтың егемендікті жүзеге асырудың, қоғамдық пікірді қалыптастыру мен білдірудің маңызды

тетігі. Сонымен қатар ол мемлекеттік билік механизмінің тұрақты әрі тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін негізгі құрал болып саналады.

Қазақстан Республикасында сайлау әрбір азаматтың сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыру қағидатына негізделген. Еліміздің азаматтары 18 жасқа толғаннан кейін тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна, тұрғылықты жеріне немесе өзге де мән - жайларға қарамастан дауыс беру құқығына ие.

Тәуелсіз Қазақстанның сайлау жүйесі жылдар бойы жүйелі түрде қалыптасып, дамып келеді. Орталық сайлау комиссиясы сайлау органдарының бірыңғай жүйесін басқара отырып, жалпы мемлекеттік деңгейде сайлау процесін ұйымдастыру және басқару саласындағы алғашқы арнайы орган ретінде маңызды рөл атқарып келеді.

Орталық сайлау комиссия-

сы құрылған күннен бастап мемлекеттік биліктің заңды институттарын қалыптастыруға тікелей қатысып, Қазақстан Республикасының қалыптасу тарихымен тығыз байланыста дамыды. Бүгінде еліміз көптеген беделді халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі ретінде еркін әрі бәсекелі сайлау өткізу бойынша өзіне алған міндеттемелерін дәйекті түрде жүзеге асырып келеді.

Байғанин аудандық сайлау комиссиясы Дүниежүзілік сайлау күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес сайлау комиссия мүшелері және жас сайлаушылар клубының мүшелері бірлесіп аудан көлемінде сайлау жүйесі мен құқықтарын түсіндіру шаралары ұйымдастырылды.

Дүниежүзілік сайлау күні - азаматтық жауапкершілікті арттырып, демократиялық қоғам құру жолындағы ортақ құндылықтарды дәріптейтін маңызды күн.

Ж. ЖАНБЫРБАЕВ,
Байғанин аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы.

БАЙҒАНИНДІК ӨРЕНДЕР ОБЛЫС БИГІНЕН КӨРІНДІ



Ақтөбе облыстық білім басқармасы жалпы білім беретін пәндер бойынша дәстүрлі республикалық олимпиаданың облыстық кезеңін қорытындылады. Аймақтың ең үздік, білімді жастары жиналған бұл додада Байғанин ауданының намысын қорғаған оқушылар айрықша нәтиже көрсетіп, II орынға табан тіріді.

Бұл жетістік аудан оқушылары мен ұстаздарының жүйелі дайындығы мен сапалы білім берудің нақты көрінісі болды.

Аталған білім бәйгесі оқушылардың білім деңгейін, логикалық ойлау қабілетін және пәнге деген қызығушылығын саралайтын маңызды дода.

Осы ауқымды білім сайысындағы Байғанин ауданынан қатысқан команда жеңісінің негізінде үздіксіз дайындық, талап, табандылық және білімге деген құштарлық жатыр. Олимпиада барысында оқушылар өздерінің

терең білімін, бәсекеге қабілеттілігін және жауапкершілігін жоғары деңгейде көрсете білді. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен бағыт-бағдары да бұл жетістікте айрықша рөл атқарды.

Аудан командасының бұл табысы – жас ұрпақтың білім жолындағы үлкен белестерге сенімді қадам жасап келе жатқанын көрсетеді. Алдағы уақытта да республикалық кезеңдерде аудан намысын абыроймен қорғап, биік жетістіктерге қол жеткізеді деген сенім мол.

«Жем – Сағыз» ақпарат.

АТА ЗАҢ

КОНСТИТУЦИЯДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР:



Марғұлан СЕРЖАН,
Байғанин аудандық
мәслихат төрағасы:

Жаңа Конституция – ел басқарудағы жауапкершілікті арттыратын қадам. Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының жаңа Ата Заңының жобасын жариялады. Бұл құжат ұзақ уақыт бойы қоғаммен кеңесе отырып, азаматтардың, сарапшылардың, қоғамды құйымдардың ұсыныстарын ескеру арқылы дайындалды. Сондықтан оны тек заңгерлердің емес, бүкіл халықтың ортақ еңбегінің нәтижесідеуге болады.

Жаңа Конституциядағы ең басты әрі түбегейлі өзгерістердің бірі – екі палаталы Парламенттің орнына бір палаталы Парламент – Құрылтайдың құрылуы. Бұл қадам заң шығару жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілікті нақты бір органға жүктеуге мүмкіндік береді. 145 депутаттан тұратын Құрылтай тікелей халық сайлаған өкілдер арқылы ел мүддесін қорғауға тиіс.

Маңызды жаңалықтың бірі – Құрылтайдың өкілеттіктерінің айқын әрі кеңейтілген түрде белгіленуі. Үкіметтің жасақтауға қол жеткізілетін шешімдер, бюджетті бекіту, мемлекеттік маңызды шешімдерге ықпал ету – мұның бәрі халықтың сайлаған өкілдері арқылы жүзеге асатын болады. Бұл – билік пен халық арасындағы байланысты күшейтетін нақты қадам.

Сонымен қатар, жаңа Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтары басты құндылық ретінде нақты бекітілген. Заң мен тәртіп, әділеттілік, азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтарын қорғау, табиғатқа жауапкершілікпен қарау сияқты қағидаттардың Ата Заң деңгейінде көрсетілуі – заман талабына сай өзгеріс.

Жергілікті өкілді орган ретінде біз үшін ең маңыздысы – бұл реформалардың аймақтардың дамуына оң әсер етуі. Жаңа Конституция халықтың пікірін ескеруге, ашықтықпен жауапкершілікті арттыруға бағытталған. Ал соңғы шешімді бүкіл ел болып, референдум арқылы қабылдау – бұл өзгерістердің шын мәнінде халық өкіліне негізделгенін көрсетеді.

Жаңа Ата Заң еліміздің болашағын айқындайтын маңызды құжат болады деп сенемін.

ҚОҒАМ НЕ ДЕЙДІ, ХАЛЫҚ НЕНІ КҮТЕДІ?

Еліміздің негізгі заңы – Конституцияға енгізілген өзгерістер қоғамда кең талқылануда. Бұл бастамалар мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейту, халықтың шешім қабылдау үдерісіне қатысуын арттыру мақсатында ұсынылды. Қоғам өкілдері бұл өзгерістерді ел дамуының жаңа кезеңіне жасалған қадам деп бағаласа, кейбірі оның өмірде қалай жүзеге асатынына ерекше мән беріп отыр. Сарапшылар, еңбек ұжымдары, жастар мен зейнеткерлер арасындағы пікірлер әртүрлі болғанымен, барлығының ортақ сұрағы – Конституциялық реформалар халықтың тұрмыс сапасына нақты қалай әсер етеді? Осы мақала аясында біз респонденттердің пікірін жинақтап, реформалардың халыққа тиімділігі мен қоғам тарапынан берілген шынайы бағасын ұсынамыз.



Мир - Ғалым Дауылбаев,
Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
Құрметті ардагері, Бай-
ганин аудандық мәсли-
хат депутаты:

Қазақстан Республикасының жаңа Ата Заңының жобасы – еліміздің саяси және құқықтық дамуындағы тарихи маңызы бар құжат. Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елді жаңғыртуға, мемлекеттік басқару жүйесін заман талабына сай бейімдеуге бағытталған стратегиялық көзқарасының нақты көрінісі деп есептеймін.

Жаңа Конституция жобасының басты ерекшелігі – адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде айқындауы. Ата Заңның бүкіл мазмұны адамға бағдарланған, әділеттілік, заң мен тәртіп, жауапкершілік қағидаттарына негізделген. Бұл – құқықтық мемлекет құру жолындағы аса маңызды әрі батыл қадам.

Сонымен қатар, бір палаталы Парламент – Құрылтай құру, пропорционалды сайлау жүйесін енгізу, Халық Кеңесі секілді жалпыұлттық диалог алаңын қалыптастыру қоғамның саяси өмірге белсенді қатысуына кең мүмкіндік береді. Бұл реформалар халық пен билік арасындағы сенімді нығайтып, саяси институттардың тиімділігін арттырады деп сенемін.

Айта кету керек, Конституцияның жаңа редакциясы құрылымдық тұрғыдан да жаңартылып отыр. Атап айтқанда, Ата Заң 11 бөлімнен және 95 баптан тұрады. Бұл өзгерістер конституциялық нормаларды жүйелеуге, олардың мазмұнын нақтылап, заманауи талаптарға сай етуге бағытталған.

Ата Заңда білім, ғылым, мәдениет пен инновацияны ел дамуының негіз-

гі тірегі ретінде белгілеу – болашаққа жасалған стратегиялық инвестиция. Цифрлық ортада азаматтардың құқықтарын қорғау, адвокатура мен зияткерлік меншікке конституциялық кепілдік беру де уақыт талабынан туындаған өзекті шешімдер болып табылады.

Жалпы, жаңа Конституция жобасы Қазақстанның тәуелсіздігі мен тұтастығын нығайта отырып, қоғамның сұранысына толық жауап беретін, болашаққа бағытталған маңызды құжат екеніне кәміл сенемін. Алдағы жалпы ұлттық референдумда азаматтарымыз бұл тарихи таңдауды саналы түрде жасап, ел дамуының жаңа кезеңіне қадам басады деп ойлаймын.



Тынышбаева Лиза Жақықызы
№3 Қарауылкелді орта мектебінің директоры

Конституциялық реформа -ел болашағының бастамасы

2026 жылғы 21 қаңтарда басталған конституциялық реформа – еліміздің құқықтық тарихындағы аса маңызды әрі тың бастамалардың бірі. Бұл бастама Қазақстан Конституциясының қағидаттарын тек жаңартумен шектелмей, оның мазмұнын түбірімен қайта қарауды көздейді. Конституциялық комиссияның жұмысы нәтижесінде жаңа жоба әзірленіп, оның мәтіні халық талқылауына ұсынылды.

Меніңше, бұл реформа заманауи мемлекет қағидаларын ескере отырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құқықтық деңгейде күшейтуге бағытталған маңызды қадам. Жаңа Конституцияда адам құқықтары басты құндылық ретінде көрсетіліп, халықаралық келісімдердің Конституцияда мойындалуы заңдық жүйенің ашықтығын арттырады.

Сонымен қатар, парламенттің құрылымына өзгерістер енгізілуі және жаңа қоғамдық орган – Халық кеңесінің – пайда болуы қоғамдық қатысуды кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл биліктің халықпен байланысын нығайтады және саяси жүйеге жаңа серпін береді. Әділетті қоғам қалыптастыру жолындағы бұл реформа – тек мемлекеттік институттарды жақсарту емес, әлеуметтік әділеттілік, еркіндік пен адам қадір-қасиетінің құқықтық кепілдігін күшейтуге бағытталған тарихи қадам деп септеймін.



Айгерим КАНБАЕВА,
Байғанин ауданындағы психологиялық - педагогикалық түзетім кабинетінің меңгерушісі:

Жаңа Конституция жобасы ұсынылды. Білім беру саласының қызметкері ретінде ұсынылған өзгерістерден жобада көрсетілген әрбір азаматтың сапалы әрі қолжетімді білім алу құқығын қамтамасыз етудің айқындылығын басты назарға алдым және қолдаймын. Бұл дегеніміз – білімге қатысты нормалар бәсекеге қабілетті, саналы әрі білімді ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған, қоғамның әлеуетін арттыратын, елдің дамуына ықпалы тиерлік маңызды қадам. Сондай-ақ заң үстемдігін нығайтуды, азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау, өмір сүру құқығы, еңбек етуге еркін таңдаудың шексіздігі өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін бағытталған. Әлеуметтік әділеттілік, заң және тәртіп пен теңмүмкіндіктер қарапайым халықтың мүддесіне қызмет етуі қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Әйгерім КАРИМАН.

НАШАҚОРЛЫҚ – САЛДАРЫ ӨТЕ АУЫР ДЕРТ

Жергілікті инспектор полиция капитаны Ебжасаров Тимур Насрадинович округке қарасты мектептерде жоғары сынып оқушылары және олардың ата-аналары арасында заманауи синтетикалық есірткілердің, дәріханалық нашақорлық проблемаларын және жасөспірімдердің есірткінің заңсыз айналымына қатысуының құқықтық салдарын түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келе жатырған маман болғандықтан, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес тақырыбында сұхбат алынған болатын.

- Нашақорлық туралы қысқаша түсініктеме берсеңіз.

- Салауатты өмір, әріне, зиянды әдеттермен үйлеспейді. Ішімдік және басқалай маскүнемдікке әкелетін заттар, анаша, шылым шегу салауатты өмір салтын қалыптастыруға үлкен кедергі келтіреді. Зиянды әдеттер көптеген аурушандықтың қауіптілік факторы болып саналады және балалар мен жасөспірімдердің жағдайына кері әсерін тигізеді. Нашақорлықты емдеуден өмір алдын алу жеңілрек болады. Нашақорды емдеу үшін үш-алты айдан бастап екі жылға дейін уақыт кетеді. Мәліметтер бойынша нашақорлардың тек бес пайызы ғана өздігінен қалыпты өмірге оралатыны белгілі. Егер бұрын тұрмыс деңгейі нашар ортадан

шыққандар ғана нашақор болса, ал қазір бұл эпидемия қоғамның барлық деңгейін қамтып келеді. Нашақор ұлт таңдамайды. Есірткіге құмарлық өмір бойы сақталуы мүмкін. Тек санаулылары ғана есірткіге тәуелділікті жеңе алады.

- Баланы жаман әдеттен қалай қорғауға болады?

- Жасөспірімдер салауатты өмір салтына оң көзқарасты қалыптастыратын спортпен және шығармашылықпен айналысуы керек. Ерте жастан бастап балаларды денешынықтыруға үйретіп, қызығушылығына қарай түрлі үйірмелерге апарған дұрыс. Жасөспірімге қатаң тиым салғаннан гөрі жаман әдеттерсіз өмір сүрудің артықшылықтарын түсіндірген абзалырақ. Себебі кейбір жасөспірімдердің пікірінше, жеткіншектер тыйым салған нәрсені міндетті түрде сынап, жасап көреді. Жасөспірімдер арасында қылмыстың қоғамда аса қауіпті дертке айналуына байланысты, уақытылы назар аудару, алдын алу, кемілетке толмағандардың өмірі мен денсаулығын қорғауға назар аудару, алдын алу жөніндегі іс-шараларды қабылдау қолға алынуы керек.

- Кеңесіңізге рахмет.
«Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Сартоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚ

Сартоғай ауылдық округі әкімдігі, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарын орындауға арналған жұмыс жоспары бойынша, қазіргі заманғы есірткі бизнесінің жаңа сын-қатерлері мен қауіптеріне қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында еріктілер мен жұртшылықтың басқа да өкілдерін тарта отырып, «граффити» мен есірткі сайттары туралы өзге де ақпаратты тарату арқылы Интернет желісінде есірткіні жарнамалауға және насихаттауға қарсы жұмыстар тұрақты жүргізілуде.

Округке қарасты білім, медицина қызметкерлері, жергілікті полиция инспекторымен бірлесіп отырып, жастар мен кәмелетке толмағандар арасында кездесулер ұйымдастырылып тұрады.

Жасөспірімдер арасында қылмыстың қоғамда аса қауіпті дертке айналуына байланысты, уақытылы назар аудару, алдын алу, кемілетке толмағандардың өмірі мен денсаулығын қорғауға назар аудару, алдын алу жөніндегі іс-шараларды қабылдау қолға алынууда. Құқық қорғау органдарымен, білім мекемелерімен, жастар ұйымдарының қатысуымен бірлескен іс-шаралар жоспарымен, рейдтердің кестесі жасалды. Ата-аналар кеңесі жұмысының пәрменділігін көтеру мақсатында мектептерде ата-аналардың бала жауапкершіліктері туралы түсініктемелік жиналыстар өткізілді.

Көшелер мен қоғамдық орындарда есірткіге қарсы әлеуметтік жарнама орналастыруға бюджет қаражаты қарастырылмаған, алайда демеушілік қаражаты арқылы жұмыстануда.

Алтай амбулаториясының медбикесі Жұмағалиева Жанарым мен жергілікті полиция инспекторы Ебжасаров Тимур округке қарасты мектептерде жоғары сынып оқушылары және олардың ата-аналары арасында заманауи синтетикалық есірткілердің, дәріханалық нашақорлық проблемаларын және жасөспірімдердің есірткінің заңсыз айналымына қатысуының құқықтық салдарын түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Округке қарасты елді мекендерде есірткіге және нашақорлыққа қарсы бағытта ақпараттық көрнекі баннерлер орналастырылды.

Сартоғай ауылдық округінде 26 маусым – Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне арналған іс-шаралар өткізу Мемлекеттік органдардың нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған қызметін үйлестіру жөніндегі Ведомствоаралық штабы отырысы хаттамасын басшылыққа ала отырып, әр түрлі жұмыстар атқарады.

Ауылдағы денсаулық сақтау, білім, мәдениет бөлімдерінің қызметкерлерімен бірлесіп, кемілетке толмағандар арасында нашақорлықтың алдын-алу мақсатында аралау жұмыстары, есірткінің заңсыз айналымына қатысуының құқықтық салдарын түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіледі.

«Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Сартоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.



Экологиялық мәдениет баланың табиғатпен алғашқы таныстығынан бастау алады. Осы ұстанымды негізге алған «Рауан» бөбекжай-балабақшасында «Жасыл балабақша» жобасы аясында облыстық деңгейдегі «Жасыл балабақша: экологиялық мәдениеттің бастауы» тақырыбында семинар-практикум өтті.

Шарада бүлдіршіндерге экологиялық мәдениетті сіңірудің озық тәжірибелері таныстырылып, балабақша ішіндегі шағын жылыжай жұмысы мен педагогтердің инновациялық жобалары сарапталды.

морандумға отырып, өзара ынтымақтастықты нығайтқан. Балабақша ішінен шағын жылыжай ұйымдастырылып, онда аскөк пен көк жуа өсіріліп, балалардың күнделікті ас мәзіріне пайдаланылуда. Бұл – балаларды еңбекке баулып қана қоймай, табиғатқа жанашырлықпен қарауға үйретудің жарқын үлгісі.

Жоба аясында тәрбиешілер вариативтік жоспарлар жасап, шығармашылық бағытта жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, «Экологиялық ойындар» тақы-

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА



КІШКЕНТАЙ ҚАДАМ – ҮЛКЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ БАСТАЙДЫ

Семинардың негізгі мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені жүйелі түрде жүзеге асыру, оны жандандыру және озық тәжірибелермен бөлісу. Шараға облыс көлеміндегі аудандық және қалалық білім бөлімдерінің мамандары, балабақша әдіскерлері мен тәрбиешілері қатысып, экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды талқылады.

Семинардың ашылуында Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері, педагогика ғылымдарының магистрі Аяш Искендірова сөз сөйлеп, «Жасыл балабақша» жобасының облыс көлемінде жүзеге асырылуының маңыздылығына тоқталды. Ол өз сөзінде мектепке дейінгі кезеңде табиғатқа жанашырлықпен қарауды қалыптастыру – болашақ ұрпақтың экологиялық санасын дамытудың берік іргетасы екенін атап өтті.

Шара барысында аудан орталығындағы «Рауан» бөбекжай-балабақшасының әдіскері Гүлсая Исмаилова «Жасыл балабақша» жобасының іске асырылу барысы туралы



мазмұнды баяндама жасап, атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар жөнінде кеңінен мәлімет берді.

Байғанин ауданы бойынша тірек балабақша болып саналатын «Рауан» бөбекжай-балабақшасының педагогтері

семинар аясында өздерінің іс-тәжірибелерімен бөлісті. Атап айтқанда, Ләйла Алдиярова «Экологиялық ертегі: «Көкөністер айтысы»», Фатима Аманқұлова «Интеграцияланған қызмет: Табиғатты аялайық», Динара Шүренбаева «Жасыл дәріхана – мектепке дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу құралы», Гүлайым Төрмұратова «Жуа өсіру» жобасы, Данагүл Сағындықова «Қалдық заттарға жаңа өмір сыйлайық», логoped Миргүл Тұрғанбаева «Үй жануарлары», Алмагүл Хисамединова «Экологиялық ойындар» тақырыптарында мазмұнды жұмыстарын ұсынды. Ұсынылған тәжірибелер қатысушылар тарапынан жоғары бағаланып, үлкен қызығушылық тудырды.

Семинар соңында қатысушылармен кері байланыс жүргізіліп, қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді. Тәжірибе алмасу алаңында экологиялық тәрбиені жетілдірудің жаңа бағыттары талқыланды.

Айта кету керек, Ақтөбе облыстық білім басқармасының 2025 жылғы 13 қазандағы бұйрығына сәйкес, облыстың әр ауданынан бір балабақшаға «Жасыл балабақша» пилоттық жобасы енгізілген. Байғанин ауданы бойынша бұл жобаға «Рауан» бөбекжай-балабақшасы ұсынылып, бүгінде жоба аясындағы ұйымдастыру жұмыстары толық аяқталып, негізгі бағыттар бойынша жоспарлы жұмыстар басталып кеткен.

Балабақша «Байғанин орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» КММ-мен ме-

рыбында А.Хисамединова, «Өсімдіктер әлемі» бойынша Д.Шүренбаева, «Экологиялық ертегілер» бағытымен Л.Алдиярова, «Қалдық заттарға жаңа өмір сыйлайық» жобасымен Д.Сағындықова, «Шағын жылыжай» жобасымен Г.Төрмұратова жүйелі жұмыс атқаруда.

Балабақша меңгерушісі Кенжегүл Меңдіханқызы өз сөзінде: «Жасыл балабақша» жобасы – біздің ұжым үшін тек жоба емес, ортақ мақсатқа біріктіретін маңызды бастама. Балаларға экологиялық тәрбие беру арқылы біз олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, жауапкершілік сезімін қалыптастырамыз. Бұл жұмыстың нәтижесі болашақта өз жемісін беретініне сенімдіміз», – деп атап өтті.

Ал аудандық білім бөлімінің әдіскері Жарқын Тоқсанбаева:

«Рауан» бөбекжай-балабақшасы ауданымыздағы экологиялық бағыттағы жұмыстарды жүйелі жүргізіп отырған озық мекемелердің бірі. Пилоттық жобаның дәл осы балабақшада іске асырылуы – дұрыс таңдау. Ұжымның ынтымағы мен ізденісі жобаның табысты жүзеге асуына толық мүмкіндік береді», – деді.

Бүгінде балабақшадағы барлық педагогтер мен кіші қызметкерлер де «Жасыл балабақша» жобасына үлкен қызығушылық танытып, ұйымшылдықпен еңбек етуде. Бұл – экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы маңызды қадам әрі келешек ұрпақтың саналы, табиғат жанашыры болып өсуіне бағытталған игі бастама.

Әйгерім ЖАРТИНА.



ЕҢБЕК АДАМЫ



Қоғамда күзетшілік қызмет жиі назардан тыс қалып жатады. Алайда балабақшадағы әрбір тыныш күн, алаңсыз ойнап жүрген әр баланың күлкісі – осы маман иелерінің тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Ауылдағы «Шұғыла» балабақшасында он жылдан астам уақыттан бері еңбек етіп келе жатқан Данияр – өз ісіне адал, жауапкершілікті терең сезінетін жан.

Ол осы ауылда туып-өскен, бүгінде отбасылы, бірнеше бала тәрбиелеп отырған әке. Оның өмірлік ұстанымы қарапайым: қай жұмыста болмасын адал болу, елге пайданды тигізу. Отбасы – оның тірегі, ал еңбек – өмірінің мәні.

– Балабақша мен үшін екінші үйіме айналды. Күнім таңертең ерте басталады. Бүлдіршіндер келмей тұрып,

ғимаратты толық тексеріп шығамын. Ең басты міндетім – балалардың қауіпсіздігі. Мұнда ең қымбат аманат бар, сондықтан қателікке жол жоқ, – дейді ол.

Даниярдың айтуынша, балабақшада жұмыс істедудің басты ерекшелігі – шынайылық. Балалардың «аға» деп жүгіріп келіп амандасуы, алғаш келгенде жылап жүрген бүлдіршіндердің уақыт өте күліп, үйренісіп кетуі – ең үлкен марапат. Осындай сәттер оның жұмысына деген сүйіспеншілігін арттыра түседі.

Ол балабақшада тәртіп пен қауіпсіздікті қатаң талап ететін басшылыққа да алғысын білдіреді. Өріптестерімен бірлесіп отырып, балаларға қауіпсіз орта қалыптастыруды басты мақсат санайды.

2025 жылдың қорытынды-

АУЫЛДЫҢ КӨРКЕЮІ ТЕК ІРІ ЖОБАЛАРМЕН ӨЛШЕНБЕЙДІ. ОЛ ӘР МЕКЕМЕНІҢ ТЫНЫШТЫҒЫ МЕН ӘР БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ЖАУАПТЫ ЖАНДАРДЫҢ АДАЛ ЕҢБЕГІНЕН БАСТАЛАДЫ. ОСЫНДАЙ ЕЛЕУСІЗ, БІРАҚ ЕЛ ҮШІН АСА МАҢЫЗДЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРЫП ЖҮРГЕН АЗАМАТТАРДЫҢ БІРІ – БАЛАБАҚША КҮЗЕТШІСІ, «АУЫЛ ЖАНАШЫРЫ» АТАНҒАН ДАНИЯР КӘДІРБАЕВ.

ЕЛЕУСІЗ ЕҢБЕК – ЕЛГЕ ҮЛГІ ҚЫЗМЕТ

сы бойынша өткен «Жыл таңдауы» шарасында Данияр Жаңабайұлының «Ауыл жанашыры» атануын көпшілік адал еңбектің лайықты бағасы деп қабылдады. Бұл марапат тек балабақшадағы қызметі үшін ғана емес, ауылдың қоғамдық өміріне белсене араласып, көше тазалығына, тыныштығына үлес қосқаны үшін берілді.

– Бұл – менің ғана емес, отбасым мен Бармақ батыр көшесі тұрғындарының ортақ жеңісі. Ауылға қызмет ету үшін міндетті түрде үлкен лауазым иесі болу шарт емес. Ниет пен еңбек болса жеткілікті, – дейді ол.

Даниярдың пікірінше, әр адам өз ісін жүрепке атқарса, ауыл да, ел де дамиды. Бірі білім береді, бірі тәртіп

сақтайды, енді бірі тазалыққа жауапты. Барлығы да бірдей маңызды.

Алдағы уақытта да ол өз жұмысына адал болып, балабақшадағы қауіпсіздікті одан әрі күшейтіп, ауыл өміріне белсенді араласуды мақсат

етеді. Жастарға айтар тілегі де қарапайым:

– Қандай мамандық таңдасаң да, адал еңбек ет. Қарапайым жұмыстың өзі үлкен құрметке лайық. Туған жерді қадірлей біліңдер.



P.S.

Қарапайым еңбек адамының бұл өмір жолы – адалдық пен жауапкершіліктің айқын үлгісі. Осындай жандардың арқасында ауыл тынысы тыныш, балалар күлкісі алаңсыз.

Әйгерім КАРИМАН.

Мазасыздық пен күйзеліс – XXI ғасыр дерті ме?

Қазіргі қоғамда адамдар арасындағы әңгімеде мазасыздық пен күйзеліс жиі айтыла бастады. Бұл құбылыс жеке бір адамның мәселесі емес, бүкіл қоғамға ортақ психологиялық жағдайға айналып отыр. Осы тұрғыда «мазасыздық пен күйзеліс – XXI ғасырдың дерті ме?» деген сұрақ еріксіз туындайды.



Қазіргі заман адамы бұрынғыдан да көп ақпарат тұтынады, жылдам шешім қабылдайды, үнемі бәсекеде жүреді. Уақыт жетіспеушілігі, тұрақсыздық, болашаққа деген сенімсіздік адам психикасына салмақ түсіреді. Әлеуметтік желілердегі «мінсіз өмір» бейнесі де көпшілікті өзгенің өмірімен салыстыруға итермелеп, ішкі мазасыздықты күшейтуде.

Менің ойымша, мазасыздық пен күйзелістің басты себебі – адамның өз ішкі қажеттіліктерін кейінге ысырып, сыртқы талаптарға бейімделе беруі. Біз көп жағдайда демалысты, эмоционалдық тепе-теңдікті емес, нәтиже мен жетістікті бірінші орынға қоямыз. Ал бұл психиканың шаршауына әкеледі.

Алаңдатырлығы – бұл жағдайдың балалар мен жасөспірімдер арасында да жиі кездесуі. Психологтардың бақылауына сүйенсек, оқу жүкте-

месі, ата-ананың жоғары үміті, құрдастар арасындағы қысым жасөспірімдерде мазасыздықтың ерте қалыптасуына себеп болып отыр. Егер бұл мәселеге дер кезінде көңіл бөлінбесе, оның салдары терең болуы мүмкін.

Психологиялық саулықты сақтау үшін қоғамда ашық әңгіме мәдениеті қалыптасуы қажет. Психологқа жүгіну әлсіздіктің белгісі емес, керісінше, өзіне жауапкершілікпен қараудың көрінісі болуы тиіс. Эмоцияны жасыру емес, оны сау жолмен шығара білу – бүгінгі күннің басты талабы.

Қорытындылай келе, мазасыздық пен күйзеліс – XXI ғасырдың дерті емес, XXI ғасыр адамының өмір салтына берілген ескерту. Бұл ескертуді естіп, әрекет ете алсақ қана психологиялық саулықты сақтай аламыз.

Ташанова Гүлсамал

Айтқалиқызы,

Қопа орта мектебінің педагог - психологы.

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»



«Заң және тәртіп» идеологиясын іске асыру аясында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі және Ақтөбе облысы Полиция департаментінің тарапынан сыбайлас жемқорлықты жою және қызметтік тәртіпті нығайту бағытындағы жұмыс күшейтілді. Біздің мақсатымыз – тек құқық бұзушылықтарды анықтау ғана емес, құқық бұзуға жол бермейтін жүйе қалыптастыру. Біз адал қызметкерлердің құқықтарын қорғау, ішкі істер органдарының имиджін

арттыру және ең бастысы – халықтың сенімін нығайту бағытында жұмыстар атқарып келеміз.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі «Адал полиция» атты ауқымды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараны жүзеге асыруда. Қазіргі уақытта жеке құрам арасындағы профилактикалық жұмыс жүйелі негізде жүргізілуде.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде облыс бойынша жеке құрам арасындағы қылмыстар-

ды тіркеу айтарлықтай төмендеді.

Қатарымызды лайықсыз қызметкерлерден тазарта отырып, антқа соңына дейін адал болған жандарды ұмытпауымыз керек. Тәуелсіздік жылдарында қызметтік борышын өтеу кезінде 11 әріптесіміз қаза тапты.

Мемлекет заңды және оны қорғаушыларды қорғайды. Мысалы келтірсек: Байғанин ауданы тұрғыны учаскелік полиция инспекторына қарсылық көрсетіп, дене күшін қолданғаны үшін - 3 жылға бас бостандығынан айырылды.

Аудан тұрғыны полиция инспекторына пара беруге әрекет жасағаны үшін кінәлі деп танылып, ірі көлемде айыппұл салынды, ал оған 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қауіп төнген болатын.

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!
Жұмысымыздың ашықтығын қамтамасыз

ету мақсатында Ақтөбе облысы Полиция департаментінің Өзіндік қауіпсіздік басқармасының сенім телефоны тәулік бойы жұмыс істейді. Егер сіз полиция қызметкерлерінің қуәсі болсаңыз, дереу мына номерге хабарлауыңызды сұраймыз **8-771-267-55-99.**

Сондай - ақ, пара беру, билік өкіліне қоқан - лоққы жасау немесе күш қолдану қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатынын ескертеміз. Баршаңызды заң талаптарын сақтауға және өзара құрмет танытуға шақырамын.

Өз қатарымыздың тазалығы мен қоғамдағы заңдылық – біздің басты басымдығымыз!

Ақтөбе облысы Полиция департаменті Өзіндік қауіпсіздік басқармасы.

ҚЫЗЫЛША – ҚАУІПТІ АУРУ

Қызылша - жоғары жұқпалы вирустық ауру.

Қызылша вирусы (Morbillivirus) өте жұқпалы, ауа тамшылары арқылы тез таралады. Яғни, науқас түшкіргенде, жөтелгенде немесе сөйлескенде ауаға түскен шырыштың ең кішкентай тамшыларын жұту арқылы жұқтыруға болады.

Қызылша вирусы ауру адам үй - жайдан шыққаннан кейін екі сағатқа дейін ауада және беттерде өмір сүре алады.

Қызылшаның инкубациялық кезеңі (яғни симптомдар әлі көрінбейтін кезең) 6 - 21 күнді құрайды. Содан кейін аурудың кезеңі келесі белгілермен басталады: жоғары темпе-

ратура, бас ауруы, мұрынның ағуы, құрғақ жөтел, лимфа түйіндерінің ұлғаюуы, көздің шырышты қабығының қабынуы (көзден жас ағуы, жарықтан қорқу, ірінді ағу), іш өту және құсу. Аурудың 4-5-ші күнінде қызыл бөртпе пайда болады, ол бас терісі мен бет терісінен басталып, содан кейін бүкіл денеге таралады. Симптомдары бар ауру 4 аптаға дейін немесе одан да көп уақытқа созылады.

Ауру пневмонияға, құлақ инфекциясына, мидың қабынуына – энцефалитке, басқа да ауыр асқынуларға, мүгедектік пен өлімге әкелуі мүмкін.

Қызылшаға қарсы вакцинация 50 жылдан астам

уақыт бойы жүргізіліп келеді және осы жылдар ішінде вакциналар алудың алудың қауіпсіз және тиімді әдісі ретінде дәлелденді. Вакцинацияның арқасында қызылша ауруын ондаған есе азайтуға мүмкіндік туды.

Қызылшаға қарсы профилактикалық егулердің ұлттық күнтізбесіне сәйкес 12 - 15 айлық және 6 жастағы балалар егіледі.

Республика бойынша қызылшамен сырқаттанушылықтың одан әрі таралуының алдын алу мақсатында ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2023 жылғы 1 қарашадағы №7 қаулысына сәйкес қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы қосымша

жаппай иммундау (ҚЖИ) жүргізілуі қажет.

1. Қызылшаға қарсы ҚЖИ-ға жататын контингенттер:

- 6 айдан бастап 10 ай 29 күнге дейінгі балалар;

- 2 жастан бастап 4 жас 11 ай 29 күнге дейінгі балалар қызылшаға қарсы егу мәртебесіне қарамастан, жоспарлы тәртіппен жүргізіледі.

Құрметті ана - аналар, балаларыңызға қызылша ауруына қарсы екпе алуға шақырамыз.

Ж. У. НҰРПА,
Байғанин аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

БАЙҒАНИН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

202 жылғы 30 қаңтар №29 Қарауылкелді ауылы

Аудандық мәслихаттың кезекті отызыншы сессиясына шақыру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 10 - бабы 2 - тармағына және 19 - бабы 3 - тармағының 1 - 1) тармақшасына сәйкес **ШЕШТІМ:**

Аудандық мәслихаттың кезекті отызыншы сессиясы 2026 жылдың 17 ақпан күні сағат 11:00 ге шақырылсын.

- «Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің атқарған жұмыстары туралы
- Басқада мәселелер

Мәслихат төрағасы

М.СЕРЖАН

Орман алқаптарын қорғау – ортақ міндет

Қазақстан Республикасы Президентінің «Жасыл ел» бағдарламасы аясында 2 миллиард ағаш отырғызу тапсырмасын іске асыру мақсатында Байғанин ауданы Көлтабан округі аймағында 2025 жылдың күзінде жалпы көлемі 2300 гектар жерге ағаш көшеттері отырғызылды. Бұл жұмыстар өңірдің экологиялық жағдайын жақсарту, жел эрозиясының алдын алу және жасыл желек қорын арттыруға бағытталған.

Алайда қазіргі таңда аталған аумақтарда мал жаю фактілері тіркеліп отыр, бұл Қазақстан Республикасының орман және табиғатты қорғау заңнамасына қайшы келеді. Заңға сәйкес, жаңадан отырғызылған ағаш көшеттері бар жерлерде

мал жаюға қатаң тыйым салынған, ал заң бұзғандарға әкімшілік айыппұл қарастырылған.

Осыған байланысты орман көшеттерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін мал иелеріне екпе орман аумақтарының шекаралары мен заң талаптарын сақтау қажеттігі жеткізілуі тиіс.

Орман – ортақ байлығымыз. Оны қорғау тек мекемелердің ғана емес, әрбір азаматтың міндеті екенін ескерген жөн. Заң талаптарын сақтай отырып, болашақ ұрпаққа жасыл, жайқалған табиғатты аманат ету – бәрімізге ортақ жауапкершілік.

«Байғанин орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» КММ ұжымы.

Қарлы боран – қардың жиі жауын - шашынмен бірге жүретін жеткілікті күшті желдер арқылы жер бетінен тасымалдануы.

Күшті қарлы боран кезінде көріну диапазоны жиі бірнеше ондаған метрге дейін нашарлайды, ал желдің орташа жылдамдығы 15м/с-тан асады. Қатты қарлы боран бірнеше сағатқа созылады, әдетте 12 сағаттан асады.

Боран ерқашан жолдардағы қар үйінділерімен бірге жүреді - қар үйінділері түрінде қардың жиналуы. Қарлы боран кезінде ашық ауада болу үсікке әкелуі мүмкін.

Қарлы боран кезіндегі халықтың іс - әрекеті.
Егер сіз ғимаратта болсаңыз:

- ғимараттарды тек ерекше жағдайларда қалдыру;
- қажет болған жағдайда отбасы мүшелеріне немесе көршілеріне қайда баратыныңызды және қашан оралатыныңызды ай-

тыңыз;

- жалғыз шықпауға тырысыңыз.

Егер сіз жолда болсаңыз:

- тек негізгі жолдар мен магистральдарда жүріңіз;

- көлікті тастап бара жатқанда, одан көрінбейтін жерде алыстамаңыз;

- ақаулық немесе өте нашар көріну жағдайында: жол жиегіне тоқтаңыз, үзіліссіз дыбыстық сигналдармен дабыл қағыңыз, капотты көтеріңіз немесе антеннаға жарқын матаны іліп қойыңыз, көлікте көмек күтіңіз. Желдету және көміртегі тотығымен ұлануды болдырмау үшін қозғалтқышты терезелері сәл ашық күйде қалдырыңыз.

Қатты боран аяқталғаннан кейінгі халықтың іс - әрекеті:
Қатты боран жағдайында өзіңізді үй ішінде құлыптаған болсаңыз:

- жылуды үнемдеу және азық - түлік қорын сақтау бойынша шаралар қабылдау;
- Абайлап, дүрбелеңсіз, қолдағы құралдар мен импровизацияланған құралдарды пайдаланып, дрейфтерден өз бетіңізше шығуға болатынын біліңіз;
- егер қар үйіндісін өз бетімен жою мүмкін болмаса, құтқару бөлімшелерімен байланыс орнатуға тырысыңыз.

Егер денеңіздің бір бөлігі үсіп қалса:

- дененің үсік шалған жерін құрғақ жұмсақ шүтерекпен сүрту арқылы жылытыңыз, содан кейін оны жылы суға салып, судың температурасын біртіндеп 40 - 45 градусқа дейін жеткізіңіз.

- ауыруы басылып, сезім қайтарылса, қолыңызды (аяқты) құрғатыңыз, қолғап киіңіз (шұлық) және мүмкіндігінше хирургпен кеңесіңіз.

- дененің үсік шалған жерлерін қармен сүртуге немесе маймен майлауға, ыстық суға салуға бол-

майды!

Қарда жаяу жүргіншілер өте сақ болуы керек:

- Жолды жаяу жүргіншілер өткелінен ғана кесіп өтіңіз.

- Көшені кесіп өтпеңіз, бірақ оны түзу сызық бойынша қадаммен кесіңіз.

- Сырғып кетпеу және жарақаттануды болдырмау үшін табаны тайғақ емес аяқ киімді киіңіз.

- Бүкіл табанға басып, абайлап, баяу қозғалыңыз

- Күшті қарлы боранның болғаны туралы хабарлама алған кезде үй - жайдан ерекше жағдайларда ғана шығуға рұқсат етіледі. Қажет болса, отбасы мүшелеріне және/немесе көршілеріңізге қайда баратыныңызды және қайтарылатын уақытыңызды хабарлаңыз.

- Жалғыз шықпаңыз!

Қажет болса, 112 нөміріне хабарласыңыз.

Байғанин ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі.

Меншік иесі:
«Қадір Ұлықпан Қаратайұлы» ЖК

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму Министрлігі
Байланыс ақпараттандыру және ақпарат комитетінде

2015 жылғы 8 сәуірде тіркеліп,
№15190-Г куәлігі берілген.

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды.
Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді.
Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.
Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
* Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы:
030300, Байғанин ауданы Қарауылкелді селосы, Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1394
Тапсырыс №136
Көлемі 1 баспа табақ.